

Бесік – өмірге жаңа келген сәбидің ақ отауы. Қазақ баласы бесік жырын тыңдап өскен.

Бесік жыры арқылы көркем мінезді қалыптастырып, ұлттық құндылықты бойына сіңірген. Көшпелі өмірге өте қолайлы болғандықтан, балаларымыз баланы бесікке салып өсірген. Қазақтың туған жерді алтын бесікке теңеуі де бесікті ардақтаудан шыққан.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде бесік туралы мәліметтер көп кездеседі. Ертегілерде, мақал-мәтелдерде, әндер мен өлеңдерде де бесік туралы айтылады. Өйткені, қазақтар бесікке үлкен мән беріп, қасиетті мүлік деп есептейтін. Бала өміріңнің жалғасы.



Тұсау кесу – сәби тәй-тәй басқаннан кейін тез әрі жығылмай, сүрінбей жүріп кетсін, болашағы жарқын болсын деген тілекпен жасалатын дәстүр.

Қазақ халқы баланың аяғына ала жіп байлап, оны арнайы таңдаған адамға кескізеді. Жіпті қадірлі, ісі алға басып тұрған, жылдам, сүрінбей жүретін адам кеседі. Бұл – бала осы адамға тартсын деген тілектен туған рәсім.



Беташар – қыз бала жаңа шаңырақтың табалдырығын келін боп аттаған кезде жасалатын салт-дәстүр.

Беташар жас келінге жаңа ортасын, күйеуінің ағайын-туысын таныстыру мақсатында өтеді. Беташарды келін түсіруші үйдің елері жасайды. Қазаққа тән бұл дәстүрдің «тазарту» деген мағынасы да бар.

Келіннің беті ашылғанша оның бетіне **ақ жаулық** жабылады әрі ол ақ шымылдықтың ішінде отырады.

Беташар дәстүрінің негізгі ғұрыптық міндеті осы ақ жаулықты ашумен байланысты. Қазақ халқының түсінігінде ақ түс **тазалықтың, пәктіктің** белгісі саналады.



Сәлем салу дәстүрі – ертеден келе жатқан қазақ келіндерінің үлкенге деген сый-құрметінен туған әдептілік белгісі.

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» көрсеткен дана халқымыз сыйластықты әрдайым бірінші

орынға қойған. Сәлем салу да осының нақ дәлелі.

Сәлем салу — келіннің жанұядағы қызметі мен әдептілігінің белгісі, ата-енесіне, қайын жұртына деген құрметі мен аманы.

Ал сәлемге ие болған адам:-
«Бақытты бол, балам!», «Өркенің өссін!», «Ұл тап», «Көп жаса, қарағым!» — деп өз ықыласын білдіреді немесе қарт аталар мен аналар жас келіннің маңдайынан иіскеп, бақыт пен берекет тілейді.



Жеті шелпек — қазақ дүниетанымындағы дүниеден өткен кісілерге деген құрметті білдіретін үрдіс. Қазақ халқының мифологиялық танымы мен ертедегі салт-дәстүр, ырымдық сенімінде **жеті қат көк, жеті қат жер, жеті**

ата, жеті күн деген ұғымдар болған. Соған байланысты жеті санын қасиетті сан деп санаған.

Жеті шелпек пісіріп жұма күні тартуы, дұға-тілек жасап, ақ бата алуы сол жеті санмен байланысты болған.

Жеті шелпек - жеті ата аруағына бағышталған дәм. Өлі разы болмай, тірі ешқашан байымайды деп сенген. Қазақ бір емес екі дүниенің адамдарында сыйлай білген.



Басқа да пайдалы мәліметтерді алғыңыз келсе, төмендегі QR кодтары арқылы өтіңіз!



БІЗДІҢ РУХАНИ МҰРАМЫЗ

